

Семей қаласы бойынша 2024 жылға арналған шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесін бекіту туралы

Абай облысы Семей қаласы мәслихатының 2024 жылғы 20 қарашадағы № 34/177-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 27 қарашада № 379-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 – бабының 2-10 тармағына, Қазақстан Республикасы "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110) болып тіркелген бұйрығына сәйкес, Абай облысы Семей қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Семей қаласы бойынша 2024 жылға шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшері хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Семей қаласы мәслихатының 2023 жылғы 17 қарашадағы № 13/77-VIII "Семей қаласы бойынша шетелдіктер немесе шетелдіктің тұруына ақы төлейтін жеке немесе заңды тұлғалар (шақырушы тарап, туроператор) үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 156-18 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Семей қаласы мәслихатының төрағасы

Д. Шакаримов